**Газизова Майя Ривелевнаның «8D04101 – Экономика» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынылған «NEET-жастардың әлеуметтік-экономикалық инклюзиясының тұжырымдамалық негіздері және оны Қазақстанда іске асыру тетіктері» тақырыбындағы диссертацияға ресми рецензенттің жазбаша пікірі**

| р/н № | Критерийлер | Критерийлер сәйкестігі | Ресми рецензенттің ұстанымы |
|---|---|---|---|
| 1. | Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы | 1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: | Диссертациялық жұмыстың тақырыбы ғылыми дамудың басым бағыттарына сәйкес келеді |
| | | 1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); | Келесі грант аясында жұмыс жүргізілді:<br>1.Қазақстанда NEET-жастарды минималдаудың кешенді үлгісін әзірлеу: өнімді жұмысбастылықты, инклюзивті экономиканы және білім беруді цифрландыруды конвергенциялау (2021-2023 жж, №AP09259065) Қазақстан Ресаубликасының Ғылым және жоғары білім министрлігінің гранты<br>2. Қазақстандағы, Өзбекстандағы, Қырғызстандағы NEET-жастар: жалпы және ерекше параметрлер, стратегиялық тәуекелдер, азайту шарттары (№ZYJY2021014) гранты бойынша орындалған қолданбалы ғылыми-зерттеу тақырыбының бөлігі |
| | | 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) | |
| | | 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) | |
| 2. | Ғылымға маңыздылығы | Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған. | Диссертациялық зерттеудің негізгі нәтижелері мен ұсыныстары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің гранттары бойынша жүзеге асырылатын қолданбалы зерттеу тақырыптарының бөлігі болып табылады. |
| 3. | Өзі жазу принципі | Өзі жазу деңгейі: | Диссертациялық жұмыста дербестік принципі сақталған.<br>Диссертациялық жұмыстың тақырыбы бойынша зерттеуді ізденуші ғылыми жетекшілердің кеңесімен |
| | | **1) жоғары;** | |
| | | 2) орташа; | |
| | | 3) төмен; | |
| | | 4) өзі жазбаған | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | өз бетінше жүргізді. Ақпаратты іздеу және есептеу алгоритмдері дербес жүзеге асырылды, өйткені бұл нәтижелерді автордың өзі ғылыми журналдарда жариялады. |
| 4. | Ішкі бірлік принципі | 4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: | Диссертациялық жұмыста ішкі бірлік принципі сақталған. Автордың материалдың мазмұны мен баяндауы жүйелі түрде жүзеге асырылады. Диссертацияда қайшылықтар жоқ |
| | | **1) негізделген;** | |
| | | 2) жартылай негізделген; | |
| | | 3) негізделмеген. | |
| | | 4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды | Диссертацияның мазмұны диссертация тақырыбына толық сәйкес келеді |
| | | **1) айқындайды;** | |
| | | 2) жартылай айқындайды; | |
| | | 3) айқындамайды | |
| | | 4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: | Ғылыми тұжырымдар, алынған нәтижелер мен ұсыныстар диссертацияда қойылған мақсаттар мен міндеттерге сәйкес келеді. |
| | | **1) сәйкес келеді;** | |
| | | 2) жартылай сәйкес келеді; | |
| | | 3) сәйкес келмейді | |
| | | 4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: | Диссертацияның барлық бөлімдері мен қағидаттары логикалық түрде өзара байланысты |
| | | 1) **толық байланысқан;** | |
| | | 2) жартылай байланысқан; | |
| | | 3) байланыс жоқ | |
| | | 4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: | Автор ұсынған жаңа шешімдер сыни талдау негізінде белгілі шешімдермен салыстыра негізделеді және бағаланады. |
| | | **1) сыни талдау бар;** | |
| | | 2) талдау жартылай жүргізілген; | |
| | | 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген | |
| 5. | Ғылыми жаңашылдық принципі | 5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? | Диссертацияның ғылыми нәтижелері, қағидаттары, ұсыныстары мен қорытындылары жартылай жаңа болып табылады. |
| | | 1) толығымен жаңа; | |
| | | 2) **жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);** | |
| | | 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады) | |
| | | 5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? | Диссертацияда ғылыми негізделген теориялық нәтижелер қамтылған, олардың жиынтығы ішінара жаңа ғылыми жетістік болып саналады және Қазақстандағы NEET жүйесіндегі ғылыми бағыттарды дамыту үшін маңызды. |
| | | 1) толығымен жаңа; | |
| | | **2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);** | |
| | | 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады) | |
| | | 5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? | Бұл жұмыстағы техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері |
| | | **1) толығымен жаңа;** | |
| | | 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады) | толығымен жаңа және негізделген болып табылады. |
| 6. | Негізгі қорытындылардың негізділігі | Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде **негізделген**/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша) | Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген |
| 7. | Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар | Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:<br>7.1 Қағидат дәлелденді ме?<br>1) дәлелденді;<br>2) шамамен дәлелденді;<br>3) шамамен дәлелденбеді;<br>4) дәлелденбеді<br>7.2 Тривиалды ма?<br>1) иә;<br>2) жоқ<br>7.3 Жаңа ма?<br>1) иә;<br>2) жоқ<br>7.4 Қолдану деңгейі:<br>1) тар;<br>2) орташа;<br>3) кең<br>7.5 Мақалада дәлелденген бе?<br>1) иә;<br>2) жоқ | **Қағидат 1**<br>7.1 дәлелденді<br>7.2 жоқ<br>7.3 иә<br>7.4 кең<br>7.5 иә<br>**Қағидат 2**<br>7.1 дәлелденді<br>7.2 жоқ<br>7.3 иә<br>7.4 кең<br>7.5 иә<br>**Қағидат 3**<br>7.1 дәлелденді<br>7.2 жоқ<br>7.3 иә<br>7.4 кең<br>7.5 иә<br>**Қағидат 4**<br>7.1 дәлелденді<br>7.2 жоқ<br>7.3 иә<br>7.4 кең<br>7.5 иә<br>**Қағидат 5**<br>7.1 дәлелденді<br>7.2 жоқ<br>7.3 иә<br>7.4 кең<br>7.5 иә<br>**Қағидат 6**<br>7.1 дәлелденді<br>7.2 жоқ<br>7.3 иә<br>7.4 кең<br>7.5 иә |
| 8. | Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі | 8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған<br>**1) иә;**<br>2) жоқ | Диссертацияда ғылыми-техникалық әдебиеттерді сыни талдауды қамтитын кешенді зерттеу әдісі қолданылады. Әдістеме жеткілікті егжей-тегжейлі сипатталған, бұл теориялық және эмпирикалық зерттеулердің дұрыс жүргізілуін қамтамасыз етті. |
| | | 8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:<br>**1) иә;**<br>2) жоқ | Диссертациялық жұмыстың нәтижелері жүйелік және институционалдық талдау әдістерін, оның нәтижелерін VOSviewer бағдарламасы негізінде |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | библиометриялық талдау, салыстырмалы талдау, NEET жастар көрсеткішінің өңірлік саралануын статистикалық және эконометрикалық әдістерін талдау, SMART PLS 3 бағдарламасын пайдалана отырып, оның құрылымдық нәтижелерін талдау әдістерін қолдану арқылы алынды. |
| | | 8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):<br>**1) иә;**<br>2) жоқ | Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар зерттеулермен дәлелденген және расталған |
| | | 8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара **расталған** / расталмаған | Маңызды мәлімдемелер қазіргі және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталады. |
| | | 8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға **жеткілікті**/жеткіліксіз | Жұмыста 264 дереккөз пайдаланылды және барлық дереккөздерде жұмыстың мазмұнына сілтемелер бар. Зерттеу тақырыбы бойынша әдебиеттерге шолу жасау үшін де жеткілікті |
| 9 | Практикалық құндылық принципі | 9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар:<br>**1) иә;**<br>2) жоқ | Диссертация статистикалық деректерге негізделген, теориялық маңызы бар. |
| | | 9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:<br>**1) иә;**<br>2) жоқ | Автордың алған ғылыми нәтижелері жастарды жұмыспен қамту және әлеуметтену саясатын жетілдіру үшін мемлекеттік мекемелерде, қоғамдық ұйымдарда пайдалана алады. |
| | | 9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады?<br>**1) толығымен жаңа;**<br>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);<br>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады) | Практикалық ұсыныстар толығымен жаңа. |
| 10. | Жазу және ресімдеу сапасы | Академиялық жазу сапасы:<br>**1) жоғары;**<br>2) орташа;<br>3) орташадан төмен;<br>4) төмен. | Диссертациялық жұмыстың жазылу және ресімделу сапасы жоғары. |

Ұсынылған жұмыстың ерекше артықшылықтарымен қатар, кішігірім ескертулерді атап өткен жөн:

1. Диссертациялық жұмыста қолданылған әдебиеттер көздерінінің кейбір сілтемелерінде нақты қолданылған беттері көрсетілмеген. Мысалы, 2-бөлімінің 1-тармағындағы 132, 133, 134, 135 сілтемелер.
2. 3-бөлімінің 5-тармағындағы жастарды дамытудың жаһандық индексінің индикаторлары 2018 жылдармен көрсетілген, соңғы 5 жылдық көрсеткіштері келтірілмеген.

Берілген ескертулер кеңес беру сипатында, сондықтан жұмыстың жалпы оң бағасына әсер етпейді.

Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, Газизова Майя Ривелевнаның «NEET-жастардың әлеуметтік-экономикалық инклюзиясының тұжырымдамалық негіздері және оны Қазақстанда іске асыру тетіктері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін диссертацияларға қойылатын талаптарға сай келеді деген қорытынды жасауға болады. Осыған байланысты докторант Газизова Майя Ривелевнаға «8D04101 – Экономика» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін беру үшін Комитетке ұсыныс жасаймын.

**Ресми рецензент**
Экономика ғылымдарының кандидаты
Astana IT University ЖШС
Тіркеуші офис жетекшісі Койтанова А.Ж.

20.06.2024 жыл

Мөр